



**«Alinur» балабақшасының
2024-2025 оқу жылындағы ата-аналармен жұмыс жоспары**

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде ата-аналардың педагогикалық құзыреттіліктерін жоғарылату, баланың жан-жақты дамуы үшін ата-аталар мен балабақшаның өзара әрекетін белсендендіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату.

№ / Айлар	Жүргізілетін жұмыс түрлері мен мазмұны	Жауаптылар
Қыркүйек	1. Жаңадан келген ата-аналармен келісім-шартқа отыру, ата-аналарға кеңес беру. 2. Жалпы ата-аналар жиналысын өткізу. Тақырыбы: «Баланы ерте жастан дамытуда педагог пен ата-ана байланысын нығайту жолдары». - Ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарымен және күн тәртібімен таныстыру. - Топ тәрбиешілерімен таныстыру. - Ата-аналар комитетінің құрылымын бекіту. 3. Кеңес беру: «Балабақшадағы адаптация»	Меңгеруші, Әдіскер, Тәрбиешілер, Медбике
Қазан	1. Ересек тобы балалардың оқу-тәрбие іс-шараларының жүргізілу барысы. 2. Ата-аналарға арналған ашық есік күндерін ұйымдастыру.	Әдіскер, Тәрбиешілер
Қараша	1. Педагогикалық лекторий: «Баланың тілін дамытудағы отбасының рөлі». 2. Жеке кеңес беру жұмыстары.	Тәрбиешілер,
Желтоқсан	1. Жаңа жылдық мерекені өткізу (Ата-аналардың қатысуымен). 2. «Қысқы қиял» атты бірлескен шығармашылық көрме ұйымдастыру.	Тәрбиешілер, Ата-аналар

Наурыз	1. Мерекелік ертеңгіліктер: «Алтынсың ғой, Анашым» (ата-аналардың қатысуымен). 2. Көктем мерекесін ұйымдастыру және өткізу (8 наурыз, 22 наурыз).	Тәрбиешілер, Әдіскер
Сәуір	1.«Дені саудың-жаны сау» атты ата-аналармен бірлескен спорттық эстафета. 2. Балалардың денсаулығы мен гигиенасы бойынша медбикенің кеңесі.	Тәрбиешілер, Медбике
Мамыр	1.Жалпы ата-аналар жиналысы. Тақырыбы: «Бала біздің- болашағымыз». 2.Кеңес беру: «Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру».	Әдіскер, Тәрбиешілер, Медбике, Меңгеруші

**«Alinur» балабақшасының
ата-аналар жиналысының
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: «22» қыркүйек 2024ж

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, балабақша әкімшілігі және топ ата-аналары.

Жиналыс тақырыбы: «Баланы ерте жастан дамытуда педагог пен ата-ана байланысын нығайту жолдары»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Жаңадан келген ата-аналармен келісім-шартқа отыру, құқықтар мен міндеттерді түсіндіру.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарымен және бөбекжайдың күн тәртібімен таныстыру.
3. Топ тәрбиешілерін таныстыру және жаңа оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрылымын бекіту.
4. «Бөбекжайдағы адаптация» тақырыбында ата-аналарға кеңес беру (медбике мен тәрбиешілер).

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Арлова сөз сөйлеп, жаңадан келген балалардың ата-аналарымен екіжақты келісім-шарттар жасасудың маңыздылығын, ата-ана мен балабақша арасындағы тығыз байланыстың рөлін атап өтті. Әдіскер А.С.Балжанова ата-аналарды бекітілген ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарымен (ҰІӨ кестесі) және күн тәртібімен егжей-тегжейлі таныстырды. Топ тәрбиешілері өздерін таныстырып, ата-аналармен бірлесе отырып жаңа оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің төрағасы мен мүшелерін ашық дауыс беру арқылы сайлады. Медбике баланың бөбекжайға алғашқы кезеңде тез әрі жеңіл бейімделуі (адаптация) бойынша денсаулық және психологиялық тұрғыдан маңызды кеңестер берді.

Жиналыстың қаулысы:

1. Балабақша мен ата-ана арасындағы келісім-шарт талаптары екі тараптан да қатаң сақталсын.
2. Балабақшаның бекітілген күн тәртібі мен ҰІӨ уақыттары басшылыққа алынсын, балаларды уақытылы әкелу қамтамасыз етілсін.
3. Жаңа құрамдағы Ата-аналар комитетінің құрылымы бірауыздан бекітілсін.
4. Адаптация кезеңінде медбике мен тәрбиешілердің ұсыныстары үнемі ескерілсін.

Төрайымы

Хатшы



А.Б.Арлова

А.С.Балжанова

**«Alinur» балабақшасының ата-аналармен
өткізген жұмысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: «09» қазан 2024ж

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, балабақша әкімшілігі және топ ата-аналары.

Жиналыс тақырыбы: «Ересек тобының даму ерекшеліктері мен ашық есік күндері»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Ересек тобы балалардың оқу-тәрбие іс-шараларының жүргізілу барысы.
2. Балабақшада «Ашық есік» күндерін ұйымдастыру және ата-аналардың белсенділігін арттыру.

Тындалды (Барысы):

Әдіскер А.С.Балжанова сөз алып ересек тобындағы балалардың жас ерекшеліктеріне тоқталды. Тәрбиешілер балалардың күнделікті іс-әрекеттерінде жетістіктері мен тәрбие үдерісіндегі маңызды іс-шаралар туралы баяндады. Сонымен қатар, ата-аналардың балабақша өмірімен жақын танысуы үшін қазан айында жоспарланған «Ашық есік» күндерінің мақсаты мен өткізілу тәртібі түсіндірілді.

Жиналыстың қаулысы:

- Ересек тобындағы оқу-тәрбие жоспары бойынша балалардың білімін дамытуға ата-аналар үй жағдайында да қолдау көрсетсін.
- «Ашық есік» күндеріне ата-аналардың толық қатысуы қамтамасыз етілсін және тәрбиешілермен кері байланыс орнатылсын.

Төрайымы *А.Б.Аралова*
Хатшы *А.С.Балжанова*



**«Аlinur» балабақшасының ата-аналарына кеңес беру жұмысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: «07» қараша 2024 жыл

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, балабақша әкімшілігі және топ ата-аналары.

Жиналыс тақырыбы: «Баланың тілін дамытудағы отбасының рөлі»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1.Педагогикалық лекторий: «Баланың тілін дамытудағы отбасының рөлі және сөйлеу мәдениеті».

2.Бала дамуындағы жеке мәселелер бойынша кеңес беру жұмыстары.

Тыңдалды:

Топ тәрбиешілері «Баланың тілін дамытудағы отбасының рөлі» тақырыбында баяндама жасап, қазіргі таңдағы балалардың сөйлеу дағдыларының қалыптасуына гаджеттердің кері әсері мен кітап оқудың пайдасын түсіндірді. Тәрбиеші Д.А.Серікбаева сөз сөйлеп, әр баланың жеке даму ерекшеліктеріне, мінез-құлық сипаттарына тоқталып, ата-аналарға жеке кеңестер берді.

Жиналыстың қаулысы:

1.Үй жағдайында балалармен тілдесу уақыты ұзартылсын, гаджеттерді пайдалану шектелсін, бірлесіп ертегілер оқу дәстүрге айналдырылсын.

2.Тәрбиешілердің жеке кеңестері негізінде баламен дербес жұмыстар жүргізілсін.

Төрайымы  А.Б.Аралова
Хатшы  А.С.Балжанова



**«Аlinur» балабақшасының ата-аналармен
өткізілген шаралардың
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: «04» желтоқсан 2024ж

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, балабақша әкімшілігі және топ ата-аналары.
Жиналыс тақырыбы: «Жаңа жылдық мерекелік іс-шаралар және бірлескен шығармашылық»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Жаңа жылдық ертеңгілікті ата-аналардың қатысуымен ұйымдастыру және өткізу ережелері.
2. «Қысқы қиял» атты бірлескен шығармашылық көрмесіне ата-аналар мен балалардың жұмыстарын дайындау.

Тыңдалды:

Тәрбиешілер алда келе жатқан Жаңа жылдық мерекелік ертеңгіліктің сценарийімен таныстырып, ата-аналардың балаларға арналған мерекелік киімдерін дайындау және іс-шараға қатысу тәртібін айтты. Сондай-ақ, балалардың шығармашылық қиялын дамыту мақсатында ұйымдастырылатын «Қысқы қиял» көрмесіне ата-аналар мен балалардың бірлесіп қолдан бұйымдар жасап әкелуі сұралды.

Жиналыстың қаулысы:

1. Жаңа жылдық мерекелік ертеңгілік жоғары деңгейде өткізілсін, мерекелік тәртіп пен қауіпсіздік ережелері сақталсын.
2. «Қысқы қиял» көрмесіне әр отбасы шығармашылық белсенділікпен қатысып, қолөнер бұйымдарын уақытылы тапсырсын.

Төрайымы

А.Б.Аралова

Хатшы

А.С.Балжанова



Өткізілген уақыты: «3» наурыз айы 2025ж.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- Тындалды:**

Жиналыстың қаулысы:

1. 8-наурыз және Наурыз мейрамына арналған мерекелік іс-шараларға ата-аналар толық атсалысып, балалардың салтанатты киім үлгілері қамтамасыз етілсін.
2. Ұлттық мерекені жоғары деңгейде өткізу үшін ата-аналар тарапынан ұйымдастыру жұмыстарына қолдау көрсетілсін.

Төрайымы *Арал* А.Б.Аралова
Хатшы *Бот* А.С.Балжанова



**«Alinur» балабақшасының ата-аналармен өткізілген спорттық шараның
ХАТТАМАСЫ №6**

Өткізілген уақыты: «24» сәуір айы 2025ж

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, балабақша әкімшілігі және топ ата-аналары.

Жиналыс тақырыбы: «Салауатты өмір салты және балалар денсаулығы»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.«Дені саудың – жаны сау» атты ата-аналар мен балалар арасындағы бірлескен спорттық эстафетаны ұйымдастыру.
- 2.Балалардың көктемгі кезеңдегі денсаулығы, тазалығы мен гигиенасы бойынша балабақша медбикесінің кеңесі.

Тыңдалды:

Тәрбиешілер салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылатын «Дені саудың-жаны сау» спорттық жарысының мақсатымен таныстырып, ата-аналарды белсенді қатысуға шақырды. Бөбекжай медбикесі көктем мезгіліндегі дәрумендер жетіспеушілігінің (авитаминоз) алдын алу, балалардың жеке бас гигиенасы және дұрыс тамақтану режимі туралы дәріс оқып, ата-аналардың сұрақтарына жауап берді.

Жиналыстың қаулысы:

- 1.Спорттық эстафетаға топ ата-аналары белсенді қатысып, командалық рух көрсетілсін.
- 2.Медбикенің балалар денсаулығы мен тазалығына қатысты берген ұсыныстары үй жағдайында жалғасын тапсын.

Төрайымы

А.Б.Аралова

Хатшы

А.С.Балжанова



**«Аlinur» балабақшасының ата-аналар жиналысының
№ 7 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: «22» мамыр айы 2025 жыл.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, балабақша әкімшілігі және топ ата-аналары.
Жиналыс тақырыбы: «Оқу жылын қорытындылау және жазғы кезеңдегі бала қауіпсіздігі»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.Жалпы ата-аналар жиналысы. Тақырыбы: «Бала біздің – болашағымыз» (2024-2025 оқу жылының қорытындысы).
- 2.Кеңес беру: «Жазғы демалыс кезіндегі балалардың өмір қауіпсіздігін ұйымдастыру».

Тыңдалды:

Балабақша меңгеруші А.Б.Аралова мен әдіскер А.С.Балжанова 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебін беріп, балалардың қол жеткізген табыстары мен тәрбие-білім деңгейінің нәтижелерін саралады. Тәрбиешілер мен медбике жазғы маусымдағы балалардың қауіпсіздігі, атап айтқанда: суға шомылу ережелері, жол қауіпсіздігі, күн өтуден сақтану және терезе қауіпсіздігі бойынша маңызды ескертулер мен кеңестерді ата-аналардың қаперіне салды.

Жиналыстың қаулысы:

- 1.2024-2025 оқу жылындағы бөбекжай мен ата-аналардың бірлескен жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
- 2.Жазғы демалыс кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жауапкершілігі ата-аналарға жүктелсін.

Төрайымы  А.Б.Аралова
Хатшы  А.С.Балжанова

